

Technics®



EAH-A800

Сандық сымсыз гарнитура
Пайдалану нұсқаулары

Осы өнімді сатып алғаныңызға рахмет.

Өнімді пайдаланбас бұрын осы нұсқауларды мұқият оқып шығып, нұсқаулықты кейінгі пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

Қауіпсіздік шаралары

■ Құрал

ЕСКЕРТУ:

Өрт шығу, электр тогы соғу немесе өнімнің зақымдалу қаупін азайту үшін,

- Осы құралға жаңбыр, ылғал тиіп кетуіне, сұйықтықтардың тамшылауына немесе шашырауына жол бермеңіз.
- Батареялары бар құрылғыларды шамадан тыс қызуына жол бермеңіз (мысалы, тікелей күн сәулесінде сақтау, өрт және т.б.).
- Өндіруші ұсынған керек-жарақтарды ғана пайдаланыңыз.
- Өнімді бөлшектемеңіз.
- Бұл құралды өз бетінше жөндеуге болмайды. Қызмет көрсету бойынша білікті қызмет көрсету маманына жүгініңіз.
- Ақаулық пайда болса, құрылғыны пайдалануды тоқтатыңыз, бірақ өзгертпеңіз не жөндемеңіз.

Келесідей жағдайларда пайдаланбаңыз:

- Пайдалану, сақтау немесе тасымалдау кезіндегі жоғары немесе төмен шекті температуралар.
- Батареяны отқа немесе ыстық духовкаға лақтыру, я болмаса батареяны механикалық жолмен жару немесе кесу. Бұл жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Тұтанғыш сұйықтықтың немесе газдың жарылысына немесе ағуына әкелуі мүмкін өте жоғары температура және/немесе өте төмен ауа қысымы.

- Құралды жылу көзіне жақын қоймаңыз.
- Қауіпсіздік үшін қоршаған орта дыбыстарын (мысалы, теміржол өткелдерінде және құрылыс алаңдарында) есту қажет жерлерде бұл құрал арқылы жоғары дыбыс деңгейіндегі музыканы тыңдамаңыз.
- Құрылғыны магниттік сезімтал нәрселерге жақындатпаңыз. Сағат сияқты құрылғылар дұрыс жұмыс істемей қалуы мүмкін.
- Бұл құрылғыны ұшақта пайдаланған кезде, әуе компаниясы тарапынан берілген нұсқауларға назар аударыңыз. Кейбір әуе компаниялары құрылғыны пайдалануға тыйым салуы мүмкін. Толық мәлімет алу үшін ұшағымен ұшатын әуе компаниясына хабарласыңыз.
- Зарядтау кезінде құлаққапты киюге болмайды.
- Құрамында тұншығу қаупін тудыруы мүмкін ұсақ бөлшектер бар. 3 жасқа дейінгі балаларға жарамайды.
- Бұл өнім магниттік материалдан тұрады. Бұл сіздің имплантацияланған медициналық құрылғыңызға әсер ету мүмкіндігі туралы дәрігеріңізбен кеңесіңіз.
- Тұншығу қаупіне жол бермеу үшін ұшақ адаптерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Құлаққаптың немесе зарядтау клеммасында шаң немесе су тамшылары болса, тиісті түрде зарядталмайды. Зарядтау алдында шаң мен су тамшыларын сүртіңіз.
- Бұл құрал зарядталып жатқан кезде немесе зарядталып болғаннан кейін қызып кетуі мүмкін екенін ескеріңіз. Дене бітіміңізге және денсаулығыңызға байланысты, құлаққапты кию, егер құлаққап қуат көзінен ажыратылған болса және әлі жылы болса, терінің қызаруы, қышу және бөртпе сияқты жағымсыз реакцияларды тудыруы мүмкін.
- Берілген зарядтау сымынан басқа ешқандай USB зарядтау сымдарын пайдаланбаңыз.
- Жинаққа кіретін алмалы-салмалы сымдардан басқа сымдарды пайдалануға болмайды.

■ Батарея

- Қыздырмаңыз немесе жалынға жақындатпаңыз.
- Батареяны есіктері мен терезелері жабық, күннің сәулесі тікелей түсіп тұрған көліктің ішіне ұзақ уақытқа қалдырмаңыз.
- Батареяны дұрыс пайдаланбағанда, электролит ағады да, элементтерге тиіп, зақымдауы мүмкін. Электролит батареядан ағатын болса, дилерге хабарласыңыз. Электролит кез келген дене мүшесіне тиіп кетсе, сумен шайып тастаңыз.
- Батареяны қоқысқа тастау кезінде, қоқысқа тастаудың дұрыс әдісі туралы білу үшін жергілікті өкілдерге немесе дилеріңізге хабарласыңыз.

■ Аллергиялар

- Теріге тікелей тиетін амбушюрларды немесе басқа бөліктерін пайдалану кезінде өзіңізді жайсыз сезінсеңіз, оларды пайдалануды тоқтатыңыз.
- Үздіксіз пайдалану бөртпе немесе басқа да аллергиялық реакцияларды тудыруы мүмкін.

■ Құлаққаппен тыңдау кезіндегі сақтық шаралары

- Құлаққап мен құлаққап жастықшаларынан шығатын шамадан тыс дыбыс қысымы есту қабілетінің нашарлауына себеп болуы мүмкін.
- Құлаққапты жоғары дыбыс деңгейінде пайдаланбаңыз. Есту мүшелерінің дәрігер-мамандарының кеңесі бойынша, музыканы үздіксіз әрі ұзақ уақыт тыңдамаған дұрыс.
- Егер құлағыңызда қоңырау дыбысын естісеңіз, дыбыс деңгейін азайтыңыз немесе пайдалануды тоқтатыңыз.
- Моторлы көлік құралдарын жүргізген кезде пайдаланбаңыз. Ол жол қозғалысы қаупін тудыруы мүмкін және көптеген аймақтарда заңсыз болып табылады.
- Қауіпті болуы мүмкін жағдайларда өте сақ болуыңыз керек немесе пайдалануды уақытша тоқтатуыңыз керек.
- Олар қатты біртүрлі шу шығарса, құлаққапты пайдаланбаңыз. Егер бұл орын алса, құлаққапты өшіріп, тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Егер жылуды немесе дыбыстың жоғалуын сезсеңіз, құлаққапты дереу алып тастаңыз.
- Құлаққап зарядтау кезінде дыбыс шығармайды.

Бұл құралға пайдалану кезінде мобильді телефондардан туындайтын радио кедергісі әсер етуі мүмкін. Егер мұндай кедергі пайда болса, осы құрал мен мобильді телефон арасындағы қашықтықты ұзартыңыз.

Компьютерге қосылған кезде, тек берілген USB зарядтау сымын пайдаланыңыз.


Осы өнімдегі таңбалар (оның ішінде керек-жарақтар) келесіні білдіреді:

- === : TT
- ⏻ : Күту режимі
- I : ҚОСУ


- 1 Сертификат туралы ақпаратты алу үшін, сол жақтағы құлақшаны алып тастаңыз.
- 2 Сертификат туралы ақпарат (A) динамик тақтасының бөлігінде көрсетілген, ол сол жақ құлақшаны (L жағы) алып тастағанда көрінеді.
- 3 Құлақшаны бекіту үшін B қысқыштарын құлақшадағы сәйкес бөліктерге C салыңыз. (6 қысқыш бар)

Құлақшаны тым қатты тартсаңыз, ол үзілуі мүмкін.


1



2



3



Bluetooth® туралы

Panasonic компаниясы деректерді сымсыз тасымалдау кезінде бүлінген деректер және/немесе ақпарат үшін жауапты емес.

■ Пайдаланылған жиілік ауқымы

Бұл құрал 2,4 ГГц жиілік ауқымын пайдаланады.

■ Осы құралдың сертификаты

- Бұл құрал жиілік шектеулеріне сәйкес келеді және жиілік заңдарына негізделген сертификаты бар. Сондықтан, сымсыз байланысқа рұқсат алудың қажеті жоқ.
- Төмендегі әрекеттер кейбір елдерде заңмен қудаланады:
 - Құралды бөлшектеу/өзгерту.
 - Техникалық сипаттама көрсеткіштерін жою.

■ Пайдалану шектеулері

- Деректерді сымсыз тасымалдау және/немесе Bluetooth® функциясы бар құрылғылардың барлығын пайдалануға кепілдік берілмейді.
- Барлық құрылғылар Bluetooth SIG, Inc. компаниясының тарапынан белгіленген стандарттарға сәйкес келуі тиіс.
- Құрылғының техникалық сипаттамалары мен параметрлеріне байланысты, ол қосылмауы мүмкін немесе кейбір операциялар басқаша болуы мүмкін.
- Бұл құралда Bluetooth® қауіпсіздік мүмкіндіктеріне қолдау көрсетіледі. Бірақ пайдалану ортасына және/немесе параметрлерге байланысты, бұл қауіпсіздік жеткіліксіз болуы мүмкін. Деректерді бұл құралға абайлап тасымалдаңыз.
- Бұл құрал арқылы деректерді Bluetooth® құрылғысына тасымалдау мүмкін емес.

■ Пайдалану ауқымы

Құралды 10 м максималды ауқымда пайдаланыңыз.

Қоршаған орта, бөгеттер немесе кедергілерге байланысты ауқым азаюы мүмкін.

■ Басқа құрылғылардан туындайтын кедергі

- Құрал басқа Bluetooth® құрылғыларына немесе 2,4 ГГц ауқымды пайдаланатын құрылғыларға тым жақын орналасқан жағдайда, радиотолқындардың кедергісіне байланысты құрылғының дұрыс жұмыс істемеуі және шу мен дыбыстың үзіліп шығуы сияқты ақаулықтар туындауы мүмкін.
- Жақын жердегі радиохабар тарату станциясында және т.б. туындайтын радиотолқындар тым күшті болса, бұл құрал дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

■ Мақсатты пайдалану

- Бұл құрал қалыпты әрі жалпы пайдалануға ғана арналған.
- Бұл жүйені радиожилік кедергісіне сезімтал жабдықтың жанында немесе ортада пайдаланбаңыз (мысалы: әуежайлар, ауруханалар, зертханалар, т.б.).

Мазмұны

Қауіпсіздік шаралары	2
Bluetooth® туралы	4

Пайдаланар алдында

Керек-жарақтар	6
Техникалық қызмет көрсету	6
Бөлшек атаулары	7

Дайындау

Зарядтау	8
Қуатты қосу/өшіру	9
“Technics Audio Connect” бағдарламасын орнату	10
Bluetooth® құрылғысын қосу	11
• Жұптастыру процедурасы - құлаққапты Bluetooth® құрылғысымен алғаш рет жұптастырған кезде	11
• 2-ші Bluetooth® құрылғысын қосу	12

Пайдалану

Музыка тыңдау	13
• Қашықтан басқару	14
Телефон арқылы қоңырау шалу	15
Сыртқы дыбысты басқару жүйесін пайдалану	16
Пайдалы функциялар	17
• “Technics Audio Connect” қолданбасын пайдалану	17
• Дауысты функцияны белсендіру	17
• Көп нүктелі байланыстар жасау	18
• Батарея қуатының деңгейі туралы хабарландыру	18
• Алмалы-салмалы сымды (жинаққа кіретін) пайдалану	19
• Құралды қалпына келтіру	19

Басқа

Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру	20
Авторлық құқық және т.б.	21
Ақаулықтарды жою	22
• Дыбыс және аудио деңгейі	22
• Bluetooth® құрылғысының қосылымы	22
• Телефон қоңыраулары	23
• Жалпы	23
• Қуат көзі және зарядтау	24
Құралды қосу	25
Техникалық сипаттамалар	26
Осы құралды қоқысқа тастау кезінде батареяны алу үшін	28

Осы құжатта пайдаланылатын өрнектер

- Сілтемесі бар беттер “→ ○○” ретінде көрсетіледі.
- Өнімнің суреттері нақты өнімнен басқаша болуы мүмкін.

Керек-жарақтар

Берілген керек-жарақтарды тексеріп, анықтаңыз.

1 x Қаптау жәшігі

1 x USB зарядтау сымы

1 x Алмалы-салмалы сым

1 x Ұшақ адаптері

Техникалық қызмет көрсету


Бұл құралды құрғақ әрі жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.

- Құрал өте лас болған кезде, оны суға малынған, жақсылап сығылған шүберекпен сүртіңіз, содан кейін құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Құрамында бензин, еріткіш, спирт, ас үйге арналған жуғыш құрал, химиялық тазартқыш және т.б. заттар бар ерітінділерді пайдалануға болмайды. Бұл сыртқы корпусстың майысуына немесе жабынның алынып кетуіне себеп болуы мүмкін.

Батарея өнімділігін сақтау.

- Ұзақ уақыт бойы пайдаланбаған кезде, бұл құралды батарея өнімділігін сақтау үшін 6 айда бір рет толық зарядтаңыз.

Бөлшек атаулары



- | | |
|---|--|
| <p>1 Сенсорлық датчик</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бұл датчикті сыртқы дыбысты басқару режимін ауыстыру үшін басыңыз. • Сенсорлық датчик осы құрал кигізілген кезде ғана жауап береді. <p>2 [+] түймесі</p> <p>3 Көпфункционалы түйме</p> <ul style="list-style-type: none"> • Осы түймені басу арқылы әртүрлі әрекеттерді орындай аласыз. <p>4 [-] түймесі</p> <p>5 [ϕ / I] түймесі*1</p> <p>6 Жарық диодты индикатор*2</p> <ul style="list-style-type: none"> • Осы құралдың күйін көрсету үшін жанады немесе жыпылықтайды. | <p>7 Зарядтау клеммасы (DC IN)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Зарядтау кезінде USB зарядтау сымын (жинаққа кіреді) осы клеммаға қосыңыз. (→ 8, “Зарядтау”) <p>8 Дыбыс кірісінің жалғағышы</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бұл құрылғыны алынбалы сымды қосу арқылы қарапайым құлаққап ретінде пайдалануға болады (жинаққа кіреді). <p>9 Амбюшюрлар</p> <p>10 Сол жақты көрсететін көтерілген нүкте</p> <p>11 Шуды басуға арналған микрофон</p> <p>12 Қоңырауларға арналған микрофон</p> |
|---|--|

*1 ϕ / I : Күту режимі/ҚОСУ

*2 Жарық мысалдары/жыпылықтау үлгілері

Жарық (қызыл түс)	Зарядталуда
Кезекпен көк және қызыл түспен жану	Bluetooth® құрылғысын жұптастыру (тіркеу) күту режимінде
Баяу жыпылықтау (көк)*3	Bluetooth® қосылымы күту режимінде
2 секунд сайын екі рет жыпылықтау (көк)*3	Bluetooth® құрылғылары жұптастырылды (тіркелді) немесе қоңырау шалынуда
Жыпылықтау (көк)*3	Қоңырау қабылдануда

*3 Батареяның қуаты төмендегенде, ол қызыл түспен жыпылықтайды. (→ 18, “Батарея қуатының деңгейі туралы хабарландыру”)


Зарядтау

Зарядталатын батарея (құралда орнатылған) бастапқыда зарядталмаған күйде болады. Құралды пайдаланбас бұрын, батареяны зарядтаңыз.

- Құлаққаптың немесе зарядтау клеммасында шаң немесе су тамшылары болса, тиісті түрде зарядталмайды. Зарядтау алдында шаң мен су тамшыларын сүртіңіз.
- Бұл құрал зарядталып жатқан кезде немесе зарядталып болғаннан кейін қызып кетуі мүмкін екенін ескеріңіз. Дене бітіміңізге және денсаулығыңызға байланысты, құлаққапты кию, егер құлаққап қуат көзінен ажыратылған болса және әлі жылы болса, терінің қызаруы, қышу және бөртпе сияқты жағымсыз реакцияларды тудыруы мүмкін.

Зарядтау кейсін 5,0 В қуат көзіне (1200 мА немесе одан жоғары) (ⓐ) жалғау үшін USB зарядтау сымын (жинаққа кіреді) (ⓑ) пайдаланыңыз.

- ⓐ: Жарық диодты индикатор
- ⓑ: USB зарядтау сымы (жинаққа кіреді)
 - Клеммалардың бағытын тексеріп, оларды тік ұстап штепсельге қосыңыз/ажыратыңыз. (Егер клемма қисайтылған күйде немесе дұрыс емес бағытта қосылса, оның майысып кету себебінен ақаулық туындауы мүмкін.)
- ⓒ: Қуат көзі (мысалы, АТ адаптері)
 - Қуат көзі (мысалы, АТ адаптері) мәтінде АТ деп берілген.



- Зарядтау кезінде жарық диодының индикаторы қызыл түспен жанады. Зарядтау процесі аяқталғанда, жарық диодының индикаторы сөнеді.
- Бос батареяны толығымен зарядтау шамамен 3 сағат алады.

Ескертпе

- 10 °C және 35 °C аралығындағы бөлме температурасында зарядтаңыз. Осы температура ауқымынан тыс болған жағдайда, зарядтау процесі тоқтатылып, жарық диодының индикаторы сөнуі мүмкін.
- Зарядтау кезінде қуатты қосуға немесе Bluetooth® құрылғыларына қосылуға болмайды.
- Берілген зарядтау сымынан басқа ешқандай USB зарядтау сымдарын пайдаланбаңыз. Бұл ақаулыққа әкелуі мүмкін.

Қуатты қосу/өшіру


Қуаттың өшірулі күйінде, осы құралдың [⏻/⏮] түймесін жарық диодты индикатор 1 секундқа жыпылықтағанша, шамамен 2 секунд басып тұрыңыз.

- Ⓐ: [⏻/⏮] түймесі
- Ⓑ: Жарық диодты индикатор

• Дыбыстық сигнал шығып, жарық диодының индикаторы баяу жыпылықтайды.

■ Қуатты өшіру үшін

[⏻/⏮] түймесін шамамен 2 секунд басып тұрыңыз. Дыбыс пен ағылшын тіліндегі нұсқаулық хабары естіледі де, қуат өшеді.



“Technics Audio Connect” бағдарламасын орнату

“Technics Audio Connect” қолданбасы (тегін) орнатылған смартфонмен немесе планшетпен Bluetooth® байланысын жасау арқылы көптеген функцияларды пайдалана аласыз, мысалы:

- Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту
- Сенсорлық датчиктің жұмыс түймесін өзгертіңіз (Сенсорлық датчикті баптау)
- Өртүрлі параметрлерді теңшеу (Connection mode (Байланыс режимі) параметрі/Auto power off (Автоматты түрде өшіру) параметрі/Guidance language (Нұсқау тілі) параметрі және т.б.)
- Батареяның қалған зарядын тексеру
- Осы құжатқа кіру

Дайындау

- Құралды қосыңыз.

1 “Technics Audio Connect” қолданбасын смартфонға немесе планшетке жүктеп алыңыз (тегін).



Android:
Google Play



iOS:
App Store



2 “Technics Audio Connect” қолданбасын іске қосыңыз.

- Пайдалану үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Ескертпе

- Өрдайым “Technics Audio Connect” қолданбасының соңғы нұсқасын пайдаланыңыз.
- Кейде “Technics Audio Connect” қолданбасында жұмыс процедураларына, дисплейлерге және т.б. өзгертулер енгізілуі мүмкін. Толық ақпарат алу үшін қолдау көрсету сайтына жүгініңіз.

Bluetooth® құрылғысын қосу

Дайындау

- Құралды Bluetooth® құрылғысынан шамамен 1 м қашықтықта орнатыңыз.
- Қажет болса, құрылғының жұмысын пайдалану нұсқаулары арқылы тексеріңіз.
- “Technics Audio Connect” қолданбасын (тегін) пайдалану Bluetooth® құрылғысына қосылуды жеңілдетеді.

Жұптастыру процедурасы - құлаққапты Bluetooth® құрылғысымен алғаш рет жұптастырған кезде

1 Қуаттың өшірулі күйінде, осы құралдың [⏻/⏻] түймесін жарық диодты индикатор 1 секундқа жыпылықтағанша, шамамен 2 секунд басып тұрыңыз.


- Жарық диодты индикатор көк және қызыл түспен кезек-кезек жанады.
Ескертпе: Жарық диодты индикатор (қызыл/көк) құралдың жұптастыру режимінде екенін көрсету үшін жыпылықтайды.

2 Bluetooth® құрылғысының қуатын қосып, Bluetooth® функциясын қосыңыз.

3 Bluetooth® құрылғысының мәзірінен “ЕАН-А800” таңдаңыз.

- “ЕАН-А800” көрсетілмес бұрын, BD мекенжайы (Bluetooth® құрылғысының мекенжайы: көрсетілетін әріптік-сандық таңба жолы, құрылғы үшін бірегей) көрсетілуі мүмкін.
- Егер құпиясөзді енгізу сұралса, осы құралдың “0000 (төрт нөл)” құпиясөзін енгізіңіз.
- Жарық диодының индикаторы (көк)* шамамен 2 секунд аралығында екі рет жыпылықтағанда жұптастыру аяқталып, байланыс орнатылады.
* Батареяның қуаты төмендегенде, ол қызыл түспен жыпылықтайды.

мысалы



4 Осы құрылғы мен Bluetooth® құрылғысының қосылғанына көз жеткізіңіз.

Ескертпе

- Егер құрылғыға қосылу 5 минут аралығында аяқталмаса, осы құрылғыдағы жұптастыру режимі тоқтатылып, қосылымды күту режиміне ауысады. Жұптастыру әрекетін қайталаңыз.
- Бұл құралдың жадында соңғы рет қосылған құрылғы сақталады. Құралдың қуатын қосқаннан кейін құрал автоматты түрде қосылуы мүмкін.

2-ші Bluetooth® құрылғысын қосу

1 Өшіп тұрғанда, жарық диодының индикаторы көк және қызыл түспен кезек-кезек жыпылықтай бастағанша, [⏻/⏪] түймесін кемінде 7 секунд басып тұрыңыз.

- Құралдың қуатын өшіргеннен кейін шамамен 5 секунд күтіңіз.
- Жарық диодты индикатор (қызыл/көк) құралдың жұптастыру режимінде екенін көрсету үшін жыпылықтайды.

2 “Жұптастыру процедурасы - құлаққапты Bluetooth® құрылғысымен алғаш рет жұптастырған кезде” (→ 11) бөліміндегі 2-ші және 3-ші қадамдарды орындаңыз.

- Жарық диодының индикаторы (көк түс) шамамен 2 секунд сайын екі рет жыпылықтаған кезде, жұптастыру (тіркеу) аяқталады. (Байланыс орнатылды)

Ескертпе

- Осы құрылғымен ең көбі 10 Bluetooth® құрылғыны жұптастыруға болады. Максималды мөлшерден асқаннан кейін құрылғыны жұптастырсаңыз, алдыңғы құрылғылар қайта жазылады. Қайта жазылған құрылғыларды пайдалану үшін, жұптастыру әрекетін қайталаңыз.
- Біріншісінен кейін құрылғымен жұптастырған кезде бірінші құрылғының Bluetooth® функциясын өшірсеңіз, жұптастыру оңайырақ болады.
- Егер құрылғыға қосулы 5 минут аралығында аяқталмаса, осы құрылғыдағы жұптастыру режимі тоқтатылып, қосылымды күту режиміне ауысады. Жұптастыру әрекетін қайталаңыз.
- Бұл құралдың жадында соңғы рет қосылған құрылғы сақталады. Құралдың қуатын қосқаннан кейін құрал автоматты түрде қосылуы мүмкін.

Музыка тыңдау

Егер Bluetooth® функциясы бар құрылғыда “A2DP” және “AVRCP” Bluetooth® профильдеріне қолдау көрсетілсе, музыканы құралдағы қашықтан басқару операциялары арқылы ойнатуға болады.

- A2DP (Жетілдірілген аудио тарату профилі (Advanced Audio Distribution Profile)): Аудионы құралға жібереді.
- AVRCP (Аудио/бейнені қашықтан басқару профилі (Audio/Video Remote Control Profile)): Құрал арқылы құрылғыны қашықтан басқаруға мүмкіндік береді.

1 Bluetooth® құрылғысы мен құралды қосыңыз. (→ 11, “Bluetooth® құрылғысын қосу”)

2 Bluetooth® құрылғысында музыканы немесе бейнені таңдап, ойнатыңыз.

- Құрылғының құлаққаптары музыканы немесе ойнатылып жатқан бейненің дыбысын шығарады.
- Жұмыс уақыты пайдалану шарттарына байланысты қысқаруы мүмкін.

■ Назар аударыңыз

- Құрал дыбыс деңгейіне байланысты дыбыс шығаруы мүмкін.
- Дыбыс максималды деңгейге жеткенде, музыка анық естілмеуі мүмкін. Дыбыс деңгейін дыбыс анық естілмейінше азайтыңыз.

Ескертпе

- Осы құрылғыны алып тастағанда ойнату кідіріледі. Құлаққапты шешкеннен кейін де, оны 60 секунд аралығында қайта тақсаңыз музыканы ойнату қайта жалғасады.


Қашықтан басқару

Bluetooth® құрылғысын құрал арқылы басқаруға болады.

- Bluetooth® құрылғысына немесе қолданбаға байланысты, құралдағы түймелерді бассаңыз да, кейбір функциялар жауап бермеуі мүмкін немесе төменде берілген сипаттамалардан басқаша жұмыс істеуі мүмкін.

(Пайдалану әдісі)

Оң (R) жағы



Функция	Пайдалану
Ойнату / тоқтату	Көпфункционалы түймені басыңыз. (A).
Дыбыс деңгейін арттыру	[+] (B) түймесін басыңыз. • Дыбысты үздіксіз көтеру үшін [+] түймесін басып тұрыңыз.
Дыбыс деңгейін азайту	[-] (C) түймесін басыңыз. • Дыбысты үздіксіз көтеру үшін [-] түймесін шамамен секунд басып тұрыңыз.
Келесі тректің басына жылжу	Көпфункционалы түймені екі рет жылдам басыңыз.
Ағымдағы тректің басына оралу*	Көпфункционалы түймені үш рет жылдам басыңыз.
Алға айналдыру	Көпфункционалы түймені екі рет жылдам басыңыз; екінші түймені ұстап тұрыңыз.
Жылдам айналдыру	Көпфункционалы түймені үш рет жылдам басыңыз; үшінші түймені ұстап тұрыңыз.

* Bluetooth® құрылғысына немесе қолданбаға байланысты бұл сізді алдыңғы әуенге қайтаруы мүмкін.

Ескертпе

- Максималды немесе минималды дыбыс деңгейіне жеткендігін білдіретін дыбыстық сигнал естіледі.

Телефон арқылы қоңырау шалу

“HSP” немесе “HFP” Bluetooth® профиліне қолдау көрсетілетін Bluetooth® функциясы қосылған телефондар (ұялы телефондар немесе смартфондар) арқылы құралды қоңырау шалу үшін пайдалануға болады.

• HSP (Гарнитура профилі (Headset Profile)):

Бұл профильді құралдың микрофоны арқылы монофонды дыбыстарды қабылдау және екі жақты байланысты орнату үшін пайдалануға болады.

• HFP (Динамик арқылы байланыс профилі (Hands-Free Profile)):


HSP функцияларына қоса, бұл профильде кіріс және шығыс қоңырау шалу функциясы бар.

(Бұл құралдың Bluetooth® функциясы қосылған телефонына қарамастан телефон арқылы қоңырау шалуға мүмкіндік беретін функциясы жоқ.)

1 Bluetooth® құрылғысы мен құралды қосыңыз. (→ 11, “Bluetooth® құрылғысын қосу”)

2 Құралдағы (A) түймесін басып, кіріс қоңырауына жауап беріңіз.

- Кіріс қоңырауы келіп түскенде, рингтон құрылғы арқылы естіліп, жарық диодының индикаторы жыпылықтайды.
- (Тек HFP) Телефон қоңырауын қабылдамау үшін көпфункционалы түймені шамамен 2 секунд басып тұрыңыз.



3 Сөйлесуді бастаңыз.

- Қоңырау шалу кезінде, дыбысты өшіру үшін көпфункционалы түймені екі рет жылдам басыңыз. (Дыбысты өшіруді болдырмау үшін дыбысты өшіру кезінде көпфункционалы түймені қайтадан екі рет жылдам басыңыз.)
- Қоңырау шалу кезінде, екінші тараптың шу деңгейін ауыстыру үшін көпфункционалы түймені 3 рет жылдам басыңыз. Екінші тараптың дыбыстық шуын төмендеткен кезде, дыбыстарды есту оңайырақ болады. Бұл функция екінші тараптың жанындағы тоқтаусыз шу көздерінен (желдеткіштер, т.б.) естілетін шуды төмендетуде тиімді.
- Дыбыс деңгейін телефонмен сөйлесіп жатқанда реттеуге болады. Параметр нұсқауларын 14 беттен қараңыз.

4 Телефон қоңырауын аяқтау үшін көпфункционалы түймені басып тұрыңыз.

- Дыбыстық сигнал шығады.

Ескертпе


- Динамик арқылы байланыс параметрін Bluetooth® функциясы қосылған телефонда орындау қажет болатын жағдайлар болуы мүмкін.
- Bluetooth® функциясы қосылған телефонға байланысты, телефондағы кіріс және шығыс қоңырау рингтондары құралдан естілуі мүмкін.
- Құралдың микрофоны мен Bluetooth® функциясы қосулы телефонның қолданбасы арқылы Bluetooth® функциясы қосылған телефоннан қоңырау шалуға болады. (→ 17, “Дауысты функцияны белсендіру”)

Сыртқы дыбысты басқару жүйесін пайдалану

Сыртқы дыбысты басқару функциясы шуды басу мен айналадағы дыбыс арасында ауысып тұрады.

1 Бұл құрылғыны киіп жатқанда сенсорлық датчикті (A) екі рет жылдам түртіңіз.

- Сенсорлық датчикті басып ұстап тұрған сайын режим ауыстырылады. (Нұсқаулық хабары ауыстырылып-қосылған режим туралы хабарлайды.)



- Әдепкі деңгей параметрі — “Шуды басу”
- “Technics Audio Connect” қолданбасын пайдаланған кезде, “ӨШІРУ” опциясын іске қосуға болады.

2 Ойнату құрылғысының дыбыс деңгейін реттеңіз.

■ Шуды басу

Сырттан естілетін дыбыстарды (шу) азайтады.

- Шуды басу функциясын “Technics Audio Connect” қолданбасымен оңтайландыруға болады. Үздік күйге қол жеткізу үшін оны алдын ала реттеңіз.
- Шуды басу функциясын пайдаланған кезде, шуды азайтатын тізбектен шығатын өте аз мөлшердегі шу естілуі мүмкін, бірақ бұл қалыпты жағдай және ешқандай ақаулық туғызбайды. (Мұндай өте төмен деңгейлі шуды тыныш жерлерде немесе әуендерді ауыстырған кезде естуге болады.)

■ Айналадағы дыбыс

Музыка тыңдау кезінде осы құрылғыға кіріктірілген микрофондар арқылы айналадағы дыбысты естуге болады.

Ескертпе

- “Technics Audio Connect” қолданбасын (тегін) пайдалану көмегімен сенсорлық датчиктің жұмыс түймесі өзгертіледі. (Сенсорлық датчикті баптау) (→ 10)

Пайдалы функциялар

“Technics Audio Connect” қолданбасын пайдалану

“Technics Audio Connect” қолданбасы (тегін) орнатылған смартфонмен Bluetooth® байланысын жасау арқылы осы құрылғының параметрлерін өзгерту секілді көптеген функцияларды пайдалана аласыз. (→ 10)

Дауысты функцияны белсендіру

Дауыстық функцияларды (Amazon Alexa, Siri және т.б.) смартфонда немесе ұқсас құрылғыда белсендіруге келтіру үшін осы құрылғыдағы көпфункционалы түймені пайдалануға болады.

- 1 **Bluetooth® құрылғысы мен құралды қосыңыз. (→ 11, “Bluetooth® құрылғысын қосу”)**
- 2 **Құрылғының көпфункционалы түймесін дауыс функциясы белсендірілмейінше басып тұрыңыз.**
 - Bluetooth® құрылғысындағы дауыстық көмекші функция белсендірілді.

Ескертпе

- Дауыстық функция пәрмендері туралы мәліметтерді Bluetooth® құрылғысына арналған пайдалану нұсқауларынан қараңыз.
- Дауыстық функция смартфон, т.б. сипаттамалары мен қолданба нұсқасына байланысты жұмыс істемей мүмкін.

Жоғарыдағы 1-қадамды орындағаннан кейін, Amazon Alexa құрылғысын дауыстық көмекші ретінде пайдалану үшін төмендегі параметрді аяқтаңыз.

- 1 “Technics Audio Connect” қолданбасында Amazon Alexa құрылғысын дауыстық көмекші ретінде таңдаңыз.
 - 2 Пайдалану үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
 - Amazon кіргеннен кейін, құрылғы параметріне құлаққапты қосу керек.
- Amazon Alexa қолданбасының соңғы нұсқасын орнатыңыз.
 - Alexa қолданбасы барлық тілдерде және барлық елдерде қолжетімді емес. Alexa қолданбасының функциялары мен функционалдығы орналасқан жеріне байланысты өзгеруі мүмкін.
 - Қосымша мәліметтерді қолданба нұсқаулықтарынан немесе соған ұқсас анықтамалық материалдардан қараңыз.

Көп нүктелі байланыстар жасау

Бір уақытта максималды екі Bluetooth® құрылғысына қосылуға болады.

Әдепкі параметр — “OFF” (ӨШІРУЛІ)

• “Technics Audio Connect” қосымшасын пайдаланған кезде, “ON” (ҚОСУ) опциясын іске қосуға болады.

Bluetooth® құрылғылары мен құралды қосу және тіркеу туралы ақпарат алу үшін (→ 11, “Bluetooth® құрылғысын қосу”)

- 1 Осы құрылғыны Bluetooth® құрылғыларының әрқайсысымен жұптастырыңыз.**
- 2 Бірінші Bluetooth® құрылғысы мен құралды қосыңыз.**
- 3 Екінші Bluetooth® құрылғысы мен құралды қосыңыз.**

Ескертпе

- Қосымша мәліметтерді, соған қоса арнайы орнату бойынша қосымша нұсқауларды Bluetooth® құрылғыларына арналған пайдалану нұсқауларынан қараңыз.
- Бұл кейбір қолданбалармен және бағдарламалық жасақтамалармен жұмыс істемеуі мүмкін.
- Бұл функция ON (Қосулы) болғанда, LDAC ойнатылмауы мүмкін.

Батарея қуатының деңгейі туралы хабарландыру

- Құрал өшірулі болған кезде, батарея зарядының деңгейін көрсететін ағылшын тіліндегі нұсқау хабар естіледі.
- Батарея зарядының деңгейі төмендей бастағанда, жыпылықтап тұрған жарық диодының индикаторы көк түстен қызыл түске ауысады, одан әрі төмендегенде, 1 минут сайын бір дыбыс сигналы беріледі.* Батарея қуаты таусылған кезде дыбыс пен нұсқау беретін хабар естіліп, қуат өшеді.

* Егер [🔊/🔇] түймесін екі рет жылдам бассаңыз, ағылшын тіліндегі нұсқаулық хабары естіледі және батарея қуатының деңгейін тексеруге болады.

Алмалы-салмалы сымды (жинаққа кіретін) пайдалану

Қуат өшірілген немесе батарея заряды таусылған кезде, оны алмалы-салмалы сымды (жинаққа кіретін) жалғау арқылы қалыпты құлаққап ретінде пайдалануға болады.

- Алмалы-салмалы сымды (жинаққа кіретін) жалғамас бұрын, қосулы құрылғыдағы дыбыс деңгейін азайтыңыз.
- Егер Bluetooth® қосылымы кезінде алмалы-салмалы сым (жинаққа кіретін) жалғанған жағдайда, Bluetooth® қосылымы жоғалады.
- Құрал қосулы болса да көпфункционалы түйме жұмыс істемейді.
- Штепсельдің ластануына байланысты шу пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдай орын алса, штепсельді жұмсақ құрғақ шүберекпен сүртіп тазалаңыз.
- Жинаққа кіретін алмалы-салмалы сымдардан басқа сымдарды пайдалануға болмайды.

■ Ұшақ аудио жүйесіне қосылу үшін

- 1 Құралға және алмалы-салмалы сымға (жинаққа кіреді) жалғаңыз. (A)
- 2 Алмалы-салмалы сымның кіріс ашасын (жинаққа кіреді) (B) ұшақ адаптеріне (жинаққа кіреді) (C) жалғаңыз.
- 3 Ұшақ адаптерін ұшақ ішіндегі аудио жүйесіне жалғаңыз. (D)



Ескертпе

- Ұшақ адаптері кейбір ұшақ аудио жүйелеріндегі жалғағыштарға сәйкес келмеуі мүмкін.

Құралды қалпына келтіру

Барлық операцияларды қабылдамаған жағдайда, бұл құралды қалпына келтіруге болады. Құралды қалпына келтіру үшін [C/L] түймелерін 10 секунд немесе одан да көп уақыт басып тұрыңыз. Барлық алдыңғы операциялардан бас тартылады. (Жұптасатын құрылғы туралы ақпарат жойылмайды.)

- Құралдың қуатын қосқаннан кейін құрал бірден қалпына келе алмайды. Шамамен 30 секунд күтіңіз.

Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру

Осы құрылғыдағы жұптасатын құрылғы туралы барлық ақпаратты және т.б. жою қажет болған жағдайда, осы құрылғыны зауыттық параметрлеріне (сатып алу кезіндегі бастапқы параметрлер) келтіруге болады.

- 1** Қуат өшіп тұрғанда, жарық диодының индикаторы көк және қызыл түспен кезек-кезек жанғанда, [⏻/⏻] түймесін кемінде 7 секунд басып тұрыңыз.
- 2** [⏻/⏻] түймесінен қолыңызды алыңыз.
- 3** [⏻/⏻] және [+] түймелерін кемінде 5 секунд басып тұрыңыз.

• Өдепкі параметрлер жарық диодының индикаторы (көк түс) жыпылықтап, құрал өшкеннен кейін қалпына келеді.

■ Назар аударыңыз

- Құрылғыны қайта жұптастыру кезінде (Құрылғы: “ЕАН-А800”) Bluetooth® құрылғысының мәзірінен тіркеу туралы ақпаратты жойыңыз да, құралды Bluetooth® құрылғысымен қайта тіркеңіз. (→ 11)
- Дауыстық сұраулар мен Amazon Alexa қолданбасына арналған тіл параметрлері сияқты параметр мәндері сақталады.

Авторлық құқық және т.б.

Bluetooth® мәтіндік белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. компаниясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және Panasonic Corporation мұндай белгілерді лицензия бойынша пайдаланады.

Басқа сауда белгілері мен атаулары олардың тиісті иелерінің меншігі болып табылады.

Apple, Apple logo және Siri – Apple Inc. компаниясының АҚШ және басқа елдерде тіркелген сауда белгісі.

App Store – Apple Inc. компаниясының қызмет көрсету белгісі.

Google, Android, Google Play және олармен байланысты басқа да белгілер мен логотиптер - Google LLC компаниясының сауда белгілері.

Amazon, Alexa және барлық қатысты логотиптер Amazon.com, Inc. немесе оның филиалдарының сауда белгілері болып табылады.

LDAC және LDAC логотипі — Sony корпорациясының сауда белгілері.



Осы құжатта кездесетін басқа жүйе атаулары мен өнім атаулары жалпы тіркелген сауда белгілері немесе тиісті дайындаушы компаниялардың сауда белгілері болып табылады.

TM белгісі мен ® белгісі бұл құжатта кездеспейтінін ескеріңіз.

Бұл өнімге GPL V2.0 және/немесе LGPL V2.1 бойынша лицензияланған бағдарламалық жасақтамадан басқа ашық бастапқы коды бар бағдарламалық жасақтама кіріктірілген. Жоғарыдағыдай санатқа кіретін бағдарламалық жасақтамалар пайдалы болады деген үмітпен, бірақ ЕШҚАНДАЙ КЕПІЛДІКСІЗ, тіпті ТАУАР САПАСЫНЫҢ немесе БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҚТЫҢ ешқандай жанама кепілдігінсіз үлестіріледі. Төмендегі веб-бетте көрсетілген тиісті егжей-тегжейлі шарттар мен қаулыларды қараңыз.

<https://panasonic.jp/support/global/cs/audio/download/index.html>

Бұл құрылғы Жапония аудио қауымдастығының “Жоғарғы ажыратымдылықты аудио” стандартына сәйкес келеді.

- Жоғарғы ажыратымдылықты сымсыз сапа (жоғары ажыратымдылықты аудио сымсыз логотиппен сертификатталған дыбыс сапасы) жұмысын көру үшін жоғары ажыратымдылықты аудио сымсыз логотипті ойнату құрылғысын пайдаланыңыз және Bluetooth® дыбыс сапасы параметрін / LDAC 990 кбит/с дыбыс сапасының басымдық режиміне қойыңыз.
- Жоғарыда көрсетілгеннен басқа режимдерде (қосылу басымдылығы режимі және т.б.), жоғары ажыратымдылықты сапамен ойнату мүмкіндігі болмауы мүмкін.

Ақаулықтарды жою

Қызметке сұрау жібермес бұрын, келесі тексерулерді орындаңыз. Кейбір тексеру тармақтары бойынша күмәніңіз болса немесе көрсетілген құралдар мәселені шешпесе, нұсқау алу үшін дилерге хабарласыңыз.

Дыбыс және аудио деңгейі

Дыбыс жоқ.

- Құрал мен Bluetooth® құрылғысының дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз. (→ 11)
- Bluetooth® құрылғысында музыка ойнатылып жатқанына көз жеткізіңіз.
- Құрал қосулы екеніне және дыбыс деңгейі тым төмен орнатылмағанына көз жеткізіңіз.
- Bluetooth® құрылғысы мен құралды қайта жұптастырып, қосыңыз. (→ 11)
- Bluetooth® функциясы бар құрылғыда “A2DP” профиліне қолдау көрсетілетініне көз жеткізіңіз. Профильдер туралы толық ақпаратты “Музыка тыңдау” бөлімінен қараңыз (→ 13). Сондай-ақ Bluetooth® функциясы бар құрылғының пайдалану нұсқаулығын қараңыз.

Төмен дыбыс деңгейі.

- Құралдың дыбыс деңгейін арттырыңыз. (→ 14)
- Bluetooth® құрылғысындағы дыбыс деңгейін арттырыңыз.

Құрылғыдан шыққан дыбыс үзіледі. / Шу деңгейі жоғары. / Дыбыс сапасы нашар.

- Егер сигналдар бұғатталған болса, дыбыс үзілуі мүмкін. Осы құралды алақаныңызбен және т.б. заттармен толық жаппаңыз.
- Құрылғы 10 метрлік байланыс ауқымынан тыс болуы мүмкін. Құрылғыны осы құралға жақындатыңыз.
- Осы құрал мен құрылғының арасындағы кез келген кедергіні алып тастаңыз.
- Пайдаланылмаған кезде кез келген сымсыз LAN құрылғысын өшіріңіз.

Bluetooth® құрылғысының қосылымы

Құрылғыны қосу мүмкін емес.

- Осы құрылғымен ең көбі 10 Bluetooth® құрылғыны жұптастыруға болады. Максималды мөлшерден асқаннан кейін құрылғыны жұптастырсаңыз, алдыңғы құрылғылар қайта жазылады. Қайта жазылған құрылғыларды пайдалану үшін, жұптастыру әрекетін қайталаңыз.
- Bluetooth® құрылғысынан осы құралға арналған жұптастыру ақпаратын жойыңыз, содан кейін оларды қайта жұптастырыңыз. (→ 11)

Телефон қоңыраулары

Тұтқаның ар жағындағы адамды есту мүмкін емес.

- Құрал мен Bluetooth® функциясы қосылған телефонның іске қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Құрал мен Bluetooth® функциясы қосылған телефонның жалғанғанына көз жеткізіңіз. (→ 11)
- Екінші адамның дауысы тым жай естілсе, құрал мен Bluetooth® функциясы қосылған телефон екеуінің де дыбыс деңгейін арттырыңыз.

Телефон арқылы қоңырау шалу мүмкін емес.

- Bluetooth® функциясы бар құрылғыда “HSP” немесе “HFP” профиліне қолдау көрсетілетініне көз жеткізіңіз. Профильдер туралы толық ақпаратты “Музыка тыңдау” (→ 13) және “Телефон арқылы қоңырау шалу” (→ 15) бөлімдерінен қараңыз. Сондай-ақ Bluetooth® функциясы қосылған телефонның пайдалану нұсқаулығын қараңыз.
- Bluetooth® үйлесімді телефондағы аудио параметрлерін тексеріңіз, егер параметр осы құралмен байланыс орнатпаса, параметрді өзгертіңіз. (→ 11)

Жалпы

Құрал жауап бермейді.

- Барлық операцияларды қабылдамаған жағдайда, бұл құралды қалпына келтіруге болады. Құралды қалпына келтіру үшін [⏻/⏹] түймелерін 10 секунд немесе одан да көп уақыт басып тұрыңыз. (→ 19)

Amazon Alexa қолданбасы жауап бермейді.

- Amazon Alexa қолданбасының белсендірілгеніне көз жеткізіңіз.
- Дауыстық көмекшінің Amazon Alexa қолданбасына орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Мобильді құрылғыда деректер байланысы қосұлы екеніне көз жеткізіңіз.
- Құрылғының Amazon Alexa қолданбасымен жұптасқанына көз жеткізіңіз.

Қуат көзі және зарядтау

Құрылғыны зарядтау мүмкін емес. / Жарық диодының индикаторы зарядтау кезінде жанбайды. / Зарядтау ұзақ уақыт алады.

- USB зарядтау сымы АТ адаптерінің USB клеммасына мықтап жалғанған ба? (→ 8)
- 10 °С - 35 °С аралығындағы бөлме температурасында зарядталуын қадағалаңыз.
- Компьютер қосулы екеніне және күту немесе дыбыссыз режимде еместігіне көз жеткізіңіз.
- Ағымда пайдаланылып жатқан USB порты дұрыс жұмыс істеп тұр ма? АТ адаптерінің басқа USB порттары болса, коннекторды ағымдағы порттан ажыратып, басқа порттардың біріне жалғаңыз.
- Жоғарыда аталған шаралар қолданылмаса, USB зарядтау сымын ажыратып, оны қайтадан жалғаңыз.
- Бос батареяны толығымен зарядтау шамамен 3 сағат алады.
- Зарядтау уақыты мен жұмыс уақыты қысқарса, батарея қуаты таусылған болуы мүмкін. (Орнатылған батареяны зарядтау саны: шамамен 500 рет)
- Зарядтау кезінде жарық диодының индикаторы қызыл түспен жанады. Зарядтау процесі аяқталғанда, жарық диодының индикаторы сөнеді.


Қуат берілмейді. / Қуат өшіп қала береді.

- Құрал зарядталып жатыр ма? Зарядтау кезінде қуатты ҚОСУ мүмкін емес. (→ 8)
- Батареяның қуаты төмендегенде, жарық диодының индикаторы қызыл түспен жыпылықтайды. Құрылғыны зарядтаңыз.

Құралды қосу

Құралды тасымалдау қабында сақтаған кезде төменде көрсетілгендей бүктеңіз.

- Егер USB зарядтау сымы немесе алмалы-салмалы сым (берілген) жалғанған болса, оны құралдан ажыратыңыз.
- Корпусты айналу шегінен асырып, күшпен бұрмаңыз.



- 1 Слайдерлерді сақтаңыз.
- 2 Корпусты бас бау (Б) жағына бүктеу үшін, екі жағынан да шамамен 90° градусқа (А) аударыңыз.
- 3 Басқа корпусты шамамен 90° (Б) градусқа бұрыңыз.
- 4 Құралды тасымалдау қабына сақтаңыз.

Техникалық сипаттамалар

■ Жалпы

Қуат көзі	ТТ 5 В, 1200 мА
Ішкі батарея	3,7 В, Литий полимері
Жұмыс уақыты* ¹	Шам. 50 сағат (Шуды басу: ҚОСУЛЫ, AAC) Шам. 60 сағат (Шуды басу: ӨШІРУЛІ, AAC) Шам. 50 сағат (Шуды басу: ҚОСУЛЫ, SBC) Шам. 60 сағат (Шуды басу: ӨШІРУЛІ, SBC) Шам. 40 сағат (Шуды басу: ҚОСУЛЫ, LDAC) Шам. 50 сағат (Шуды басу: ӨШІРУЛІ, LDAC)
Қоңырау уақыты* ¹	Шам. 30 сағат (Шуды басу: ҚОСУЛЫ)
Күту уақыты* ¹	Шам. 60 сағат (Шуды басу: ҚОСУЛЫ, Auto power off (Автоматты түрде өшіру) параметрі жұмыс істемейді) Шам. 120 сағат (Шуды басу: ӨШІРУЛІ, Auto power off (Автоматты түрде өшіру) параметрі жұмыс істемейді)
Жылдам зарядтаудың жұмыс уақыты* ¹	15 минут зарядтау, 10 сағат ойнату (Шуды басу: ҚОСУЛЫ, AAC)
Зарядтау уақыты* ² (25 °С)	Шам. 3,0 сағат (Қуат көзін 1200 мА немесе одан жоғары пайдалану)
Зарядтау температурасының ауқымы	10 °С - 35 °С
Жұмыс температурасының ауқымы	0 °С - 40 °С
Жұмыс ылғалдылығының ауқымы	35 % СЫ - 80 % СЫ (конденсатсыз)
Салмақ	Шамамен 298 г (сымсыз)

*1 Пайдалану шарттарына байланысты қысқа болуы мүмкін.

*2 Батарея қуатын бос күйден толық күйге дейін зарядтауға қажет уақыт.

■ Bluetooth® бөлімі

Bluetooth® жүйесінің техникалық сипаттамасы	5.2 нұс.
Сымсыз жабдық классификациясы	1-класс
Радиожіліктің максималды қуаты	8 дБм
Жілік ауқымы	2402 МГц - 2480 МГц
Қолдау көрсетілетін профильдер	A2DP, AVRCP, HSP, HFP
Қолдау көрсетілетін кодек	SBC, AAC, LDAC

■ Құлаққап бөлімі

Жетек құралдары	40 мм
Импеданс	34 Ом
Жиілік реакциясы*3	4 Гц-тен 40 кГц-ке дейін
Микрофон	Монофонды, MEMS микрофоны
Зарядтау клеммасы	USB C түріндегі пішін

*3 Қуат ҚОСУЛЫ болғанда

■ Керек-жарақ бөлімі

USB зарядтау сымы (Кіріс аша: USB A түріндегі пішін, Шығыс аша: USB C түріндегі пішін)	Шам. 0,5 м
Алмалы-салмалы сым	Шам. 1,0 м

• Техникалық сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Осы құралды қоқысқа тастау кезінде батареяны алу үшін


Келесі нұсқаулар осы құралды жөндеу емес, қоқысқа тастау мақсаттарына арналған. Бұл құрал бөлшектенгеннен кейін қалпына келтірілмейді.

• Осы құралды қоқысқа тастау кезінде, құралға орнатылған батареяны алып, оны қайта өңдеңіз.

- Батарея қуаты таусылғаннан кейін бөлшектеңіз.
- Бөлшектелген бөліктерді балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Қолданылған батареяны өңдеу

- Клеммаларды жабысқақ таспамен немесе ұқсас материалмен оқшаулаңыз.
- Бөлшектеуге болмайды.



- 1 Сол жақ құлақшаны алып тастаңыз.
- 2 Тығыздағыш губкаларды алып тастаңыз (D) 5 бұранданы алып тастаңыз.
- 3 2-қадамдағы A бөлігін алып тастаңыз.
- 4 Коннекторды ажыратыңыз (B), және батареяны орнында бекітетін таспаны алып тастаңыз, батареяны алыңыз (C).

ТҰТЫНУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

Өнімнің атауы:	Сандық сымсыз гарнитура
Өндіріс елі:	Малайзия
Өндірушінің атауы:	Панасоник Корпорэйшн
Заңды мекенжайы:	1006 Кадома, Осака, Жапония
<p>Дайындау күні кодты түрде көрсетілген: 9AXXX немесе 20190115 Код бойынша күні анықталады. Мысалы: 1) 9AXXX (X - кез-келген сан немесе әріп) – Қаңтар 2019 Жылы: кодтағы бірінші белгі (9-2019, 0-2020, ... 8-2028) Айы: кодтағы екінші белгі (А-қаңтар, В-ақпан, ... L-желтоқсан) 2) 20190115 (жылы, айы, күні) -- 15 Қаңтар 2019</p>	
Қызмет мерзімі:	1 жыл
Қосымша ақпарат:	осы өнімді пайдалану алдында пайдалану нұсқауларын оқып шығыңыз.

Импорттаушы

ЖШС «Панасоник Рус»

Ресей, 115162, Мәскеу, Шаболовка к-сі, 31Г үй, қабат/ бөлме антресоль 1 қабат/10

Тел. 8-800-200-21-00

<Тұтынушылардың наразылықтарын алуға өндіруші рұқсат берген ұйым>

Қазақстан Республикасындағы өнімнің сапасына байланысты наразылықтарды қабылдауға өкілетті ұйым:

ЖШС «Панасоник Рус» Алматы қ. Филиалы Қазақстан, 050051, Алматы қ., Достық даңғылы, 192, 3 қабат.

Panasonic ақпараттық орталығы:

+7 (727) 330-88-07 – Алматы қ. мен Қырғызстаннан қоңырау шалу үшін.

8-800-0-809-809 – Қазақстан аумағында жергілікті ұялы байланыс пен қалалық операторларынан тегін қоңырау шалу.

Организация, уполномоченная на принятие претензий по качеству продукции на территории Республики Казахстан:

Алматинский филиал ООО «Панасоник Рус», Казахстан, 050051, г. Алматы, проспект Достык, 192, 3-й этаж.

Информационный центр Panasonic:

+7 (727) 330-88-07 – для звонков из г. Алматы и Киргизстана.

8-800-0-809-809 – бесплатный звонок с городских и мобильных телефонов местных сотовых операторов в пределах Казахстана.



ӨНІМДІ СӘЙКЕСТІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТЫ

Сандық сымсыз гарнитура "Technics", EAH-A800, EAH-A800G-Күлгілері TP TC 020/2011,
TP EAЭС 037/2016 талаптарына сай келеді

Сертификаттау органы:	СЕРТИФИКАТТАЛҒАН ТЕСТБЭТ СО 119334, Мәскеу, Андреев жағалауы, 2 үй
Сертификат :	EAЭС RU C-JP.ME10.B.00783/21
Сертификаттың берілген күні :	2021/4/2
Сертификаттың жарамдылық мерзімі :	2026/4/1

Мағлұмдаушы:	ЖШС «Панасоник Рус» Ресей, 115162, Мәскеу, Шаболовка к-сі, 31Г үй, қабат/ бөлме антресоль 1 қабат/10
Сәйкестік туралы декларация:	EAЭС N RU Д-JP.PA01.B.37645/21
Декларацияның тіркелген күні:	2021/4/26
Декларация дейін жарамды:	2026/4/25

Өндіруші:

**Панасоник Корпорэйшн 1006, Оаза Кадома, Кадома-ши, Осака, 571-8501 Жапония
Малайзияда жасалған**

<Ескерту>

Егер басқа жолдама құжаттарда көрсетілмеген жағдайда, төмендегі шарттарды орынданды.

- 1.Тегіс, берік бетке орналастырыңыз, тек алынатын бөлшектер немесе қозғалмайтын бөлшектерден басқа.
- 2.Жабық және құрғақ жерде сақтау керек.
3. Тасымалдауды қүлатусыз, аса вибрациясыз және басқа заттарға соғусыз жасау керек.
- 4.Көдеге жаратуды ұлттық және жергілікті заңдарға сәйкес жасау керек.

Сату шарттары өндірушімен орнатылмаған және мемлекеттің тауарды пайдаланудың ұлттық немесе жергілікті заңдарына сай болуы керек.

Қазақстан Республикасындағы өнімнің сапасына байланысты наразылықтарды қабылдауға өкілетті ұйым:

ЖШС «Панасоник Рус» Алматы қ. Филиалы Қазақстан, 050051, Алматы қ., Достық даңғылы, 192, 3 қабат.

Rapasonic ақпараттық орталығы:

+7 (727) 330-88-07 – Алматы қ. мен Қырғызстаннан қоңырау шалу үшін.

8-800-0-809-809 – Қазақстан аумағында жергілікті ұялы байланыс пен қалалық операторларынан тегін қоңырау шалу.

Организация, уполномоченная на принятие претензий по качеству продукции на территории Республики Казахстан:

Алматинский филиал ООО « Панасоник Рус », Казахстан, 050051, г. Алматы, проспект Достык, 192, 3-й этаж.

Информационный центр Rapasonic:

+7 (727) 330-88-07 – для звонков из г. Алматы и Киргизстана.

8-800-0-809-809 – бесплатный звонок с городских и мобильных телефонов местных сотовых операторов в пределах Казахстана.

